

**Түркістан облысы білім басқармасының №15 колледж мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері
жөніндегі мәжілісінің**

ХАТТАМАСЫ

Асықата кенті

02.10.2023ж.

Төрайымы: Тойжанов Б.

Хатшы: Тилеубекова Г.

Қатысқан әкімшілік қызметкерлер саны: 12 адам

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ құрамы: 7 адам

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Түркістан облысы білім басқармасының №15 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы.

Төрайымдық етуші Б.Тойжанов жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы білім басқармасының №15 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтамасында көрсетілген Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзылған. Осы бойынша кемшіліктер жіберген маманға ауызша ескерту берді. Мемлекеттік сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4 бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттелді.

№15 колледж қызметінде, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында мерзімінде және сапалы өткізуді қамтамасыз етіп, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдансын.

Мекеме қызметкерлері арасында кеңінен талқылау жұмыстары және қызметкерлер қатысуында құқықтық оқулар, жиындар, түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Білім саласы қызметкерлерінің және ата-аналарының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын жетік меңгеру үшін, колледж мұғалімдері мен ата-аналар арасында семинар, дөңгелек үстелдер, жиналыстар өткізуді жандандырсын.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

Жиналыс төрайымы: Б.Тойжанов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрайымы:

Б.Тойжанов

Хатшы:

Г.Тилеубекова